

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 408 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 500 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 02.07.2025 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық қордың қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепте мыналар:

осы қаулымен бекітілген 1-нысан бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қор түсімдері мен оларды пайдалану туралы есеп;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы есеп, ол нысандар бойынша мынадай есептерден тұрады:

1) осы қаулымен бекітілген 2-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен міндеттемелері туралы есеп;

2) осы қаулымен бекітілген 3-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жиынтық кірісі туралы есеп;

3) осы қаулымен бекітілген 4-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;

4) осы қаулымен бекітілген 5-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп қамтылған.

Ұлттық қор қаражатының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы есеп ҚР ҰБ-ның және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның есепке алудың түрлі әдістерін (есептеу және кассалық) қолдануына байланысты, сондай-ақ дөңгелектеу есебінен есеп бойынша айырмашылық сомасы көрсетілетін жолды қамтуы мүмкін."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 408 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорына
активтерді есептеу және
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын пайдалану
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

№ ____ бет
Қалыптастырылған күні ____

_____ жағдай бойынша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы
ақша қозғалысы туралы есеп**

20 ____ ж. есепті кезең

Индексі: ДДКСННФ- 1

Кезеңділігі: ай сайын, жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі, Есеп комитеті,
Ұлттық экономика министрлігі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 15-і күніне дейінгі мерзімде

Өлшем бірлігі _____

Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың коды	Атауы	Жыл басынан бастап өсу қорытындысының сомасы
I. Кірістер:		
1	Салықтық түсімдер	
01	Табыс салығы	
1	Корпоративтік табыс салығы	
05	Мұнай секторы ұйымдарының заңды тұлғаларынан алынатын корпоративтік табыс салығы	
05	Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланудан түсетін түсімдер	
22	Мұнай секторының ұйымдарынан алынатын үстеме пайдаға салынатын салық	
25	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін бонустар	
26	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	
27	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін экспортқа салынатын рента салығы	
28	Мұнай секторының ұйымдарынан жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі	
29	Мұнай секторының ұйымдарынан өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі	
2	Салықтық емес түсімдер	

04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
2	Мұнай секторының ұйымдарына мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
01	Мұнай секторының ұйымдарына орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
02	Мұнай секторының ұйымдарына республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
03	Мұнай секторы ұйымдарының зиянды өтеуі туралы талаптар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат	
06	Өзге де салықтық емес түсімдер	
1	Өзге де салықтық емес түсімдер	
11	Мұнай секторының ұйымдарынан түскен басқа да салықтық емес түсімдер	
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	
03	Жер және материалдық емес активтер сату	
1	Жер сату	
02	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	
II. Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		
6	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
01	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
1	Ел ішінде қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
03	Республикалық меншіктегі және кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	
III. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сына арналған түсімдерінің жиыны		
IV. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сынан аударымдар		
13	Өзге	
9	Өзге	
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	
005	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қаражат аударуды ұйымдастыру	
349	Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін өзге ағымдағы трансферттер	
V. Түсімдер мен аударымдар сальдосы		
VI. Қаржы жылының басында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы		
VII. Есепті кезеңнің соңында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы		

Бюджетті атқару жөніндегі орталық
уәкілетті органның басшысы _____
(қолы, Т.А.Ә.)

Есепті қалыптастыруға жауапты
құрылымдық бөлімшенің басшысы _____
(қолы, Т.А.Ә.)

Нысанға қосымша

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есептің" нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есептің" нысаны 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 125-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есептің" нысанын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і күніне дейінгі мерзімде жасайды және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Есеп комитетіне, Ұлттық экономика министрлігіне жолдайды.

2-тарау. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп" кестесінде:

нысанның 1-бағанында бірыңғай бюджеттік сыныптаманың коды көрсетіледі;

нысанның 2-бағанында түсімдер атауы көрсетіледі;

нысанның 3-бағанында жыл басынан бастап өсу қорытындысының сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 408 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы

**Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы
мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары**

1-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен
пайдаланылуы туралы есеп**

20 ____ ж. есепті кезең

Индексі: ФФИНФ- 1

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі

Ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде

P/c №	Қаржылық есептілік баптарының атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3
1	Есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) қаражаты, БАРЛЫҒЫ	
	Түсімдер, БАРЛЫҒЫ: Оның ішінде: - мұнай секторының ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда), оның ішінде: корпоративтік табыс салығы; үстеме пайдаға салынатын салық; бонустар; пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық;	

экспортқа салынатын рента салығы;

жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі ;

мұнай секторының ұйымдарынан өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі ;

-мұнай секторының ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелген түсімдерді қоспағанда) оның ішінде:

мұнай секторының ұйымдарына орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар, мұнай секторының ұйымдарына республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

мұнай секторы ұйымдарының шығынды өтеуі туралы талап-арыздар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат;

мұнай секторының ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;

- тау-кен өндірісі және өңдеуші салаларға жататын республикалық меншіктегі мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

- инвестициялық кірістер;

-республикалық бюджеттен берілетін кепілдендірілген трансфертті қайтару;

- республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттері қайтару;

	- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер	
3	Пайдалану, БАРЛЫҒЫ: Оның ішінде:	
	- кепілдік берілген трансферт; - нысаналы трансферттер; - Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу	
4	Есепті кезеңнің соңындағы Ұлттық қордың қаражаты, БАРЛЫҒЫ:	

Бюджетті атқару жөніндегі орталық

уәкілетті органның басшысы _____

(Т.А.Ә. (ол бар болса), қолы)

Бюджетті атқару жөніндегі орталық

уәкілетті органның жауапты

орындаушысы _____

(Т.А.Ә. (ол бар болса), қолы)

1-нысанға қосымша

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен

пайдаланылуы туралы есептің" нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есептің" нысаны 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 133-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есептің" нысаны бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі _____ жылға дейінгі мерзімде жасайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолдайды.

2-тарау. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп" кестесінде:

нысанның 1-бағанында реті бойынша нөмірі көрсетіледі;

нысанның 2-бағанында қаржылық есептілік бабының атауы көрсетіледі;
нысанның 3-бағанында қаржылық есептілік бабының сомасы көрсетіледі;

2-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының

активтері мен міндеттемелері туралы есеп

20__ ж. есепті кезең

Индексі: ФФИНФ- 2

Кезеңділігі: тоқсан сайын, жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес ұсынылады.

(мың теңге)

Қаржылық есептілік бабының атауы	Ағымдағы күн	Алдыңғы күн
Активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары		
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдары: - Ұлттық қор меншігіндегі - РЕПО мәмілелері бойынша кепілмен ауыртпалық салынған		
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар		
Туынды қаржы құралдары		
Дебиторлық берешек		
Активтер жиыны		
Міндеттемелер		
Туынды қаржы құралдары		
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек		
Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар		

Міндеттемелер жиыны	
Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотын құрайтын таза активтер	

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
төрағасының орынбасары _____ Тегі және аты-жөні
(қолы)

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің есептілікті жасауға жауапты
бөлімшесінің басшысы _____ Тегі және аты-жөні
(қолы)

2-нысанға қосымша

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен міндеттемелері туралы есептің" нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен міндеттемелері туралы есептің" нысаны 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 133-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен міндеттемелері туралы есептің" нысанын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жасайды және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жолданады.

2-тарау. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен міндеттемелері туралы есеп" кестесінде:

"Қаржылық есептілік бабының атауы" деген бағанда қаржылық есептілік бабының атауы көрсетіледі;

"Ағымдағы күн" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы ағымдағы күнгі мың теңгемен көрсетіледі;

"Алдыңғы күн" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы алдыңғы күнгі мың теңгемен көрсетіледі.

3-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының

жиынтық кірісі туралы есеп

20__ ж. есепті кезең

Индексі: ФФИНФ- 3

Кезеңділігі: тоқсан сайын, жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес ұсынылады.

мың теңге		
Қаржылық есептілік бабының атауы	Ағымдағы кезең	Алдыңғы кезең
Кірістер		
Сыйақы түріндегі кірістер		
Дивидендтер түріндегі кірістер		
Форвардтық валюталық келісімшарттарды қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдарынан түскен таза кіріс /(шығын)		
Форвардтық валюталық келісімшарттардан түскен таза кіріс /(шығын)		
Шетел валютасымен операциялардан түскен таза кіріс (шығын)		
Кірістердің жиыны		
Шығыстар		
Активтерді басқарғаны үшін комиссия		
Кастодиандық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар		
Аудиторлық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар		
Кәсіби қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар		
Бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық дерекқорларды пайдаланғаны үшін ақы төлеу бойынша шығыстар		
Шығыстардың жиыны		
Таза пайда/(шығын)		
Басқа да жиынтық кіріс /(шығын)		

Қайта санау кезіндегі бағамдық айырма	
Басқа да жиынтық кіріс/(шығын)	
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс /(шығын) жиыны	

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Төрағасының орынбасары _____ Тегі және аты-жөні
(қолы)

Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің есептілікті жасауға жауапты

бөлімшесінің басшысы _____ Тегі және аты-жөні
(қолы)

3-нысанға қосымша

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының

жиынтық кірісі туралы есептің" нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жиынтық кірісі туралы есептің" нысаны 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі

133-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жиынтық кірісі туралы есеп" нысанын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жасайды және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жолданады.

2-тарау. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жиынтық кірісі туралы есеп" кестесінде:

"Қаржылық есептілік бабының атауы" деген бағанда қаржылық есептілік бабының атауы көрсетіледі;

"Ағымдағы кезең" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы ағымдағы кезеңдегі мың теңгемен көрсетіледі;

"Алдыңғы кезең" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы алдыңғы кезеңдегі мың теңгемен көрсетіледі.

4-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының

ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

20__ ж. есепті кезең

Индексі: ФФИНФ- 4

Кезеңділігі: тоқсан сайын, жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес ұсынылады.

мың теңге		
Баптың атауы	Ағымдағы кезең	Алдыңғы кезең
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Таза пайда /(шығын)		
Мыналарға түзетулер:		
Қазақстанның мемлекеттік компанияларының облигациялары бойынша (дисконттың) / сыйлықақының амортизациясы		
РЕПО мәмілелері бойынша сыйақы түріндегі шығыстар		
Әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдарынан іске асырылмаған (кіріс)/шығын, олардың өзгерістері кезеңдегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі		
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі қозғалысы		
Операциялық активтердің (ұлғаюу)/азаюу:		
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдары		
Туынды қаржы құралдары		

Дебиторлық берешек	
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы):	
Туынды қаржы құралдары	
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	
Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	
Операциялық қызметтегі/ қызметтен ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:	
Қазақстанның мемлекеттік компанияларының облигацияларын (сатып алу)/сату немесе өтеу	
Инвестициялық қызметтегі/ қызметтен ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:	
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түсімдер	
Республикалық бюджетке аударымдар	
Өзге аударымдар	
Қаржылық қызметтен/қызметтегі ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза ұлғаюы (азаюы)	
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Төрағасының орынбасары _____ Тегі және аты-жөні
(қолы)

Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің есептілікті жасауға жауапты

бөлімшесінің басшысы _____ Тегі және аты-жөні
(қолы)

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры

ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің" толтыру нысанын жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің" нысаны 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 133-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің" нысанын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жасайды және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жолданады.

2-тарау. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп" кестесінде:

қаржылық есептіліктің "Баптың атауы" деген бағанда қаржылық есептілік бабының атауы көрсетіледі;

"Ағымдағы кезең" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы ағымдағы кезеңдегі мың теңгемен көрсетіледі;

"Алдыңғы кезең" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы алдыңғы кезеңдегі мың теңгемен көрсетіледі.

5-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының

таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп

20__ ж. есепті кезең

Индексі: ФФИНФ- 5

Кезеңділігі: тоқсан сайын, жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес.

мың теңге

<u>Баптардың атауы</u> Өткен кезеңнің басындағы қалдық	<u>Түсімдер</u>	<u>Аударымдар</u>	<u>Таза пайда/ (шығын)</u>	Валютаны қайта бағалау бойынша <u>резерв</u>	<u>Барлығы</u>
Таза пайда/(шығын) Басқа да жиынтық кіріс Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамында қ а й т а жіктелмейтін баптар: Валютаны қайта бағалаудағы таза активтердің бастапқы сальдоға әсері Валютаны қайта бағалаудағы таза пайдаға (шығынға) және басқа да ауыстыруларға әсері Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамында қ а й т а жіктелмейтін баптардың барлығы: Басқа да жиынтық кірістің барлығы					
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген					

меншік иелерімен операциялар Қазақстан Республикасын ың Қаржы министрлігінен түсімдер Республикалық бюджетке аударымдар Өзге аударымдар					
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялардың барлығы Өткен кезеңнің аяғындағы қалдық Ағымдағы кезеңнің басындағы қалдық Таза пайда/(шығын) Өзге де жиынтық кіріс Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамында қайта жіктелмейтін баптар: Валютаны қайта бағалаудың таза активтердің бастапқы сальдосына әсері Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға (шығынға) және басқа да ауыстыруларға әсері	Түсімдер	Аударымдар	Таза пайда/ — (шығын)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	

Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамында қ а й т а жіктелмейтін баптардың барлығы:					<u>Барлығы</u>
Кезеңдегі басқа да жиынтық кірістің барлығы Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түсімдер Республикалық бюджетке аударымдар Ө з г е аударымдар Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялардың барлығы Ағымдағы кезеңнің соңындағы қалдық	—	—	—	—	—

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Төрағасының орынбасары _____ Тегі және аты-жөні
(қолы)

Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің есептілікті жасауға жауапты

бөлімшесінің басшысы _____ Тегі және аты-жөні
(қолы)

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының

таза активтеріндегі өзгерістер туралы есептің" нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі өзгерістер туралы есептің" нысаны 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 133-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі өзгерістер туралы есептің" нысанын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жасайды және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жолданады.

2-тарау. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп" кестесінде:

қаржылық есептіліктің "Баптың атауы" деген бағанда қаржылық есептілік баптарының атауы көрсетіледі;

"Түсімдер" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы ағымдағы және алдағы кезең үшін мың теңгемен көрсетіледі;

"Аударымдар" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы ағымдағы және алдағы кезең үшін мың теңгемен көрсетіледі;

"Таза пайда/(шығын)" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы ағымдағы және алдағы кезең үшін мың теңгемен көрсетіледі;

"Валютаны қайта бағалау бойынша резерв" деген бағанда қаржылық есептілік бабының сомасы ағымдағы және алдағы кезең үшін мың теңгемен көрсетіледі;

"Барлығы" деген бағанда қаржылық есептілік бабының жиынтық сомасы ағымдағы және алдағы кезең үшін мың теңгемен көрсетіледі.